

Гуманитарлық пәндер
ӘБ отырысында
қаралды:
№ 1 хаттамасы
« 02 » 09 2021 ж

Келісемін :
Директордың бейіндік
жөніндегі орынбасары:
№ 1 хаттамасы
« 02 » 09 2021 ж



мектеп-лицейінің

«Қазақ тілі»

Факультатив курс бағдарламасы

Сыныбы : 7 А

Қазақ тілі және әдебиеті пән мұғалімі : Шерияздан Р.

Түсінік хат

Тіл – адамзат ісінің барлық саласында және күнделікті тұрмысында бірлесіп жұмыс істеуіне, бірін - бірі түсінісуіне мүмкіндік беретін құрал.

Ойын жазбаша сауатты жеткізу білік - дағдыларын қалыптастыруға, айнала қоршаған ортасын көркем сөз арқылы бейнелеп қабылдауға кеңінен жол ашатын танымдық - тәрбиелік, тіл дамытушылық мүмкіндіктері айқын жетекші қосымша сабақ - «Қазақ тілі». Оның мазмұны оқушының лингвистикалық дүниесін, тілдік құбылысы мен оның заңдылықтарын біршама бағдарлауына мүмкіндік береді. Бұл оқушыны әдеби сауаттандырып, шығармашылығына жол ашып, тіл элементтерін, абстрактылы ойлау қабілеттерімен жұмыс жүргізу әрекеттерін дамытуға көмектеседі.

Қазақ тілінде ауызекі сөйлеуді және ойын жазба түрде сауатты жеткізуді жетілдіріп дамытуда сөздік қорды байыту, тілдегі көп мағыналы сөздерді, синоним, антоним, омонимді сөйлеудің синтаксистік құрылысын сауатты меңгертудің маңызы ерекше.

Сөздің құдіретін, сөйлеудегі сөз шеберлігін сезіндіру, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсіндіру, сөз өнерін игеруге ұмтылту.

Факультатив курсы 7 сыныптың 13-14 жастағы білім алушыларға арналған. Аптасында 2 сағат, оқу жыл бойы 68 сағат беріледі.

«Қазақ тілі» курсының басты мақсаты : әртүрлі коммуникативтік жағдайларға еркін араласа отырып, ауызекі және жазба тілде сауатты бағдарлай алу қабілетін дамытып, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, шығармашылық ізденіс жағдайына енгізу.

«Қазақ тілі» курсының міндеттері :

- жалпыға білім беретін мектептерде пәннің рөлін арттыру ;
- оқушыларға терең білім беру, олардың қарым - қатынас жасай білу білікті - лігін арттыру, қазақ тілін сөз мәдениеті талаптарына сай деңгейде қолдана алу біліктілігін арттыру ;
- ана тілін жетік меңгерген, білік - дағдылары жетілген тұлғаны қалыптасты - ру ;
- оқушыларды өздігінен іздене отырып, білім алуына жағдай жасау ;

- тілдің стилдік нормасына сай нақты, дұрыс түсінігі анық, жүйелі, мәнді жаттық, сауатты сөйлеуге машықтандыру ;
- ойын дұрыс жеткізе және жаза алатын қабілеттерін дамыту ;
- сөз мағыналарының түрленуін айыра білу дағдыларын қалыптастыру ;
- талдау, жинақтау, абстракциялау, нақтылау, салыстыру, ұқсастығын табу, топтау дағдыларын қалыптастырып, қабілеттерін дамыту ;
- стиль түрлері мен оның қолдану ерекшелігін ұғындыру ;
- әр түрлі шығармашылық жұмыстар негізінде әр түрді жанрдағы мәтіндерді жазу дағдыларын дамыту ;
- ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасауға қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру ;
- диалогты және монологты сөйлеу(ауызекі), жазба тілі дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, сөздің дұрыс, орынды айтылуын бақылап, тіл байлығын дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу ;
- адамгершілік және адалдық, патриоттық сезімдерін қалыптастыру ;
- сөйлеу барысында сөйлемдердің логикалық және грамматикалық байланысын бұзбай, құрылысын сақтау дағдысын қалыптастыру.

Пәнаралық байланыс : қазақ әдебиеті, тарих, ағылшыын тілі, орыс тілі, география, мәдениеттану, өлкетану.

Бағдарламаны жүргізу формалары : шығармашылық жұмыс, мәтінмен жұмыс, дөңгелек үстел, конференция, сынақ, тест, лекция.

Бағдарламаны аяқтау формалары : тест, мәтінмен жұмыс.

«Қазақ тілі» курсының оқыту ұстанымдары :

- ғылымилық ;
- байланыстылық ;
- қызығушылық ;
- үздіксіздік ;
- өлкелік- аймақтық ұстаным ;
- кіріктіру ұстанымы.

Нәтижесі : ойын дұрыс, нақты, жүйелі түрде жеткізе алады, сөздік қоры молаяды, дұрыс сөйлеу және дұрыс жазу дағдылары артады, стиль түрлерін ажырата отырып, кез келген ортада өзін мәдениетті ұстайды.

«Қазақ тілі» факультативтік курсының бағдарламасы

Аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат

Кіріспе 1 сағат.

1 бөлім. Әдеби тіл және оның нормалары. 7 сағат.

Әдеби тіл мен жалпыхалықтық тілдің айырмашылығы, әдеби тілдің нормалары, әдеби тілдің қоғамдағы рөлі. Тілді зерттеуші ғалымдар туралы. Орфографиялық және орфоэпиялық норма мен сөз мағыналары, синоним, омоним, антоним, фразеологизм.

2 бөлім. Мәтін және оның түрлері. 9 сағат.

Мәтін және оның түрлері. (Мәтін деген не, мәтіннің түрлері; сипаттау мәтіні, суреттеу мәтіні, пайымдау мәтіні, баяндау мәтіні), (мамандық туралы мәтіндер). Тақырып және мәтін. Мәтінді жоспарлаудың жолдары. (Тақырып деген не, мәтін мен тақырыптың байланысы, мәтінді жоспарлау жолдары), Мәтінмен жұмыс, Жоспар және оның түрлері. (мамандық таңдауды жоспарлау мәтіні). Күрделі жоспар құрудың ерекшелігі. Конспект жазудың негізі, Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу, (айтыскер, ақын, жазушы мамандығы туралы). Мәтінмен жұмыс.

3 бөлім. Тақырып және мәтін 11 сағат.

Тақырып пен мәтін. Жоспар және оның түрлері туралы. Конспект туралы.

4 бөлім. Ауызекі сөйлеу стилі. 9 сағат

Ауызекі сөйлеу стилі, (ауызекі сөйлеу стилі, оның ерекшелігі, диалог, монолог), шешен, сот мамандығы, мұғалім мамандығы туралы). Ауызекі сөйлеу стилінің қолданатын формалары: жарыссөз, лекция, консультация, баяндама, әңгімелесу. Жинақы мәтін, нұсқаулық, деректеме жазу.

5 бөлім. Көркем әдебиет стиль. 3 сағат.

Көркем әдебиет стилі. (Көркем әдебиет стилі, ерекшелігі, көркем шығармалар жанры), Пікір айту. Көркем шығарма, көркем фильмдерге сын-пікір айту, Мәтінмен жұмыс.

6 бөлім. Публицистикалық стиль. 3 сағат.

Публицистикалық стиль. Сипаты. Жұмсалу формалары, Публицистикалық

стильдің тіл ерекшеліктері (мақала, бас мақала, репортаж, очерк).

7 бөлім. Ресми іс-қағаздар стиль. 4 сағат.

Ресми іс қағаздар стилі. (Ресми іс қағаздар стилі, ерекшелігі), Ресми іс қағаздар стилі. Өтініш, сенімхат, мінездеме, хабарландыру, т.б. (ресми қағаздар түрлері, оларды толтыру формалары), Шығармашылық жұмыс. Мәтінмен жұмыс.

8 - бөлім. Ғылыми стиль. ерекшеліктері. 1 сағат.

Ғылыми стиль, ерекшеліктері.

9 бөлім. Шылау және оның түрлері. 3 сағат.

10 бөлім. Еліктеуіш сөз және оның түрелі. 3 сағат.

11 бөлім. Пунктуация 6 сағат.

Тіл мәдениеті және пунктуация. Тыныс белгілерінің түрлері, сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілері, Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілер.

Қорытынды сабақ 1 сағат.

Әр түрлі стильде жазылған мәтіндерге талдау жұмысы.

**«Тіл мәдениеті» факультативтік курсының
күнтізбелік - тақырыптық жоспары**

(Аптасына 2 сағат, барлығы 68 сағат)

P/c	C/c	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Мерзімге өзгеріс енгізу
1-тоқсан (17 сағат)					
1	1	Кіріспе. «Тіл мәдениеті» туралы түсінік.	1	03.09.2021	
2	2	Әдеби тілдің лексикалық нормасы	1	06.09.2021	
3	3	Орфографиялық және орфоэпиялық норма	1	10.09.2021	
4	4	Сөз және оның мағынасы. Сөздің көп мағыналылығы.	1	13.09.2021	
5	5	Синоним сөздер. Антоним сөздер.	1	17.09.2021	
6	6	Омоним сөздер.	1	20.09.2021	
7	7	Фразеологизм және оның қолданылу аясы.	1	24.09.2021	
8	8	Тест жұмысы.	1	27.09.2021	
9	9	Мәтін және оның түрлері.	1	01.10.2021	
10	10	Мәтінмен жұмыс.	1	04.10.2021	
11	11	Мәтін және тірек сөздер.	1	08.10.2021	
12	12	Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру.	1	11.10.2021	
13	13	Мәтіннің негізгі ойын анықтау.	1	15.10.2021	
14	14	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.	1	18.10.2021	
15	15	Мәтін құрылымын анықтау.	1	22.10.2021	
16	16	Графиктік мәтін түрлері.	1	25.10.2021	
17	17	Графиктік мәтінді интерпретациялау жолдары.	1	29.10.2021	
2-тоқсан (15 сағат)					
18	1	Тақырып және мәтін.	1	08.11.2021	
19	2	Мәтінді жоспарлаудың жолдары.	1	12.11.2021	

20	3	Мәтінмен жұмыс.	1	15.11.2021	
21	4	Жоспар және оның түрлері	1	19.11.2021	
22	5	Жай жоспар құру.	1	22.11.2021	
23	6	Мәтінмен жұмыс	1	26.11.2021	
24	7	Күрделі жоспар құрудың ерекшелігі	1	29.11.2021	
25	8	Мәтінмен жұмыс.	1	03.12.2021	
26	9	Тест жұмысы	1	06.12.2021	
27	10	Мәтінмен жұмыс.	1	10.12.2021	
28	11	Конспект жазудың негізі.	1	13.12.2021	
29	12	Ауызекі сөйлеу стилі оның жанрлық түрлері.	1	20.12.2021	
30	13	Ауызекі сөйлеу стилінің қолданатын формалары: жарыссөз, лекция, консультация, баяндама, әңгімелесу.	1	20.12.2021	
31	14	Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу.	1	24.12.2021	
32	15	Мәтінмен жұмыс.	1	27.12.2021	
3-тоқсан (20 сағат)					
33	1	Диалог және оның түрлері.	1	10.01.2022	
34	2	Монолог пен полилогтың ерекшелігі.	1	14.02.2022	
35	3	Шығармашылық жұмыс.	1	17.01.2022	
36	4	Жинақтық мәтін жазу жолдары.	1	21.01.2022	
37	5	Нұсқаулық құрастырып жазу жолдары.	1	24.01.2022	
38	6	Деректердің авторына сілтеме жасау жолдары.	1	28.01.2022	
39	7	Көркем әдебиет стилі.	1	31.01.2022	
40	8	Көркем әдебиет стилінің жанрлық түрлері.	1	04.02.2022	
41	9	Пікір айту. Көркем шығарма, көркем фильмдерге сын-пікір айту.	1	07.02.2022	
42	10	Публицистикалық стиль оның ерекшелігі.	1	11.02.2022	
43	11	Публицистикалық стильдің жанрлық түрлері.	1	14.02.2022	
44	12	Мәтінмен жұмыс	1	18.02.2022	
45	13	Мақала оның стильдік ерекшелігі.	1	21.02.2022	
46	14	Мақала жазу жолдары	1	25.02.2022	
47	15	Эссе жазу жолдары	1	28.02.2022	

48	16	Тезис құрастыру жолдары	1	04.03.2022	
49	17	Ресми іс-қағаздар стилі.	1	07.03.2022	
50	18	Ресми іс-қағаздар стилінің түрлері.	1	11.03.2022	
51	19	Ресми іс-қағаздар стилінің жанрлық түрлері.	1	14.03.2022	
52	20	Мәтінмен жұмыс	1	18.03.2022	
4-тоқсан (16 сағат)					
53	1	Ғылыми стиль, ерекшеліктері.	1	01.04.2022	
54	2	Ғылыми стильдің жанрлық түрлері.	1	04.04.2022	
55	3	Тест жұмысы.	1	08.04.2022	
56	4	Шылау.	1	11.04.2022	
57	5	Шылау және оның түрлері.	1	15.04.2022	
58	6	Мәтінмен жұмыс	1	18.04.2022	
59	7	Еліктеуіш сөздер.	1	22.04.2022	
60	8	Еліктеуіш сөздердің түрлері.	1	25.04.2022	
61	9	Мәтінмен жұмыс	1	29.04.2022	
62	10	Тест жұмысы	1	02.05.2022	
63	11	Тіл мәдениеті және пунктуация.	1	06.05.2022	
64	12	Тыныс белгілерінің түрлері. Сөйлем ішінде қолданылатын тыныс белгілері	1	09.05.2022	
65	13	Сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілер	1	13.05.2022	
66	14	Мәтінмен жұмыс	1	16.05.2022	
67	15	Шығармашылық жұмыс	1	20.05.2022	
68	16	Тест жұмысы	1	24.05.2022	

Қолданылған әдебиеттер

1. Б.Баймұратова. «Баланың тілін дамыту жолдары».-Алматы: «Рауан». – 1992 жыл.
2. Қ. Дүсіпбаева. «Тіл біліміне кіріспе».-Өскемен: «Арго». – 2004 жыл.
3. Қ. Жарықбаев. «Аталар сөзі-ақылдың көзі». Ақтөбе: «Айдар». – 2004 жыл.
4. З. Қабдолов. «Сөз өнері». – Алматы: «Рауан». – 2002 жыл.
5. Ә. Құрымжанов. «Сөз атасы». – Алматы: «Рауан». – 1995 жыл.
6. І. Кеңесбаев. «Тіл мәдениеті және баспасөз».-Алматы: «Қазақпарат». - 2007 жыл.